АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ӘЙТЕКЕ БИ АУДАНЫ АҚТАСТЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ ӨКІМ		АКИМ АКТАСТИНСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА АЙТЕКЕБИЙСКОГО РАЙОНА АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ РАСПОРЯЖЕНИЕ
Әйтеке би ауданы, Ақтасты ауылы		Айтекебийский район, село Актасты

22 шілде 2026 жыл **№57** **22 июля 2026 года**

Мемлекеттік сатып алуды (тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) бір көзден сатып алу тәсілімен жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабын және Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 01 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16 бабына сәйкес **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-баптың 3-тармағының 28-тармақшасы бойынша Шартты тікелей жасау арқылы Толыбай ауылындағы футбол алаңына ағымдағы жөндеу жұмыстары үшін мемлекеттік сатып алу ұйымдастырылсын.

2. Әлеуетті өтінім беруші ЖК «Дана» болып танылсын.

3.Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты Әйтеке би ауданының «Ақтасты ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің бас маманы Өтеибек Аибек Қуандықұлы мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы сатып алынатын тауарлар, жұмыстар және қызметтер нарығын талдау нәтижелері бойынша айқындалған өнім берушіге шақыру жіберу, Толыбай ауылындағы футбол алаңына ағымдағы жөндеу жұмыстарын іске асырсын.

4.Шартты тікелей жасау арқылы бір көзден алу туралы шешім қабылдау үшін жауапкершілікті өзіме жүктеймін.

Ақтасты ауылдық округінің әкімі **Д.Қазбай**

Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Ақтасты ауылдық округі жергілікті қоғамдастық өкілдерінің жиналыс

ХАТТАМАСЫ

Ақтасты ауылы 22 шілде 2026 жыл

Қатысқандар саны – 5 адам

Шақырылған: ауылдық ардагерлер кеңесі мүшелері.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

Ақтасты ауылдық округі Толыбай ауылындағы футбол алаңына ағымдағы жөндеу жұмыстары жөнінде.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Ақтасты ауылдық округінің әкімі Қазбай Дәулет Қуандықұлы хабарлама жасады.

Құрметті ауылдастар! Қазіргі уақытта Ақтасты ауылдық округі Толыбай ауылындағы футбол алаңына ағымдағы жөндеу жұмыстары үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бір көзден сатып алуына байланысты жүргізіледі. Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» (31.12.2024 ж. өзгерістер редакциясы) № 106-VIII Заңына сәйкес 16-баптың 3-тармағының 28-тармағы бойынша тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен келісім-шарт жіберу мүмкіндік болуына байлынысты баға ұсынын сұрау қағидасына сәйкес ең төменгі баға берген мердігермен отыруымыз қажет деп ойлаймын

ШЫҒЫП СӨЙЛЕУШІЛЕР:

Сутемгенов Габит Сеитович - жергілікті қоғамдық кеңесінің мүшесі – Ия, бүгін қаралған мәселе орынды, ұсынысты қолдаймын

Жолмұрат Орынбай – жергілікті қоғамдық кеңес төрағасы – Мен ұсынысты қолдаймын.

Ақтасты ауылдық округі жергілікті қоғамдастық өкілдерінің жиналысы **ШЕШІМ ЕТТІ.**

1. Күн тәртібіндегі хабарламаны еске алып Ақтасты ауылдық округі Толыбай ауылындағы футбол алаңына ағымдағы жөндеу жұмыстары үшін бір көзден сатып алу ең төменгі баға берген ЖК «Дана» мақұлдансын.

Жиналыс төрағасы **Жолмұрат Орынбай**

Хатшысы **Султан Төлеген Атабайұлы**